

# МАЯСАР АҚЫН



Қазақ елінде 1943 жылы алғаш рет өткен ақындар айтысында І-орын алған. Осы айтысты басқарған Мұхаң (М. Әуезов) сол жолы «Маясар Жапақов» атты деректі фильм түсірткен. Фильм мемлекеттік архивте сақтаулы тұр. (Менде көшірмесі бар).

Маясар тек айтыс ақыны емес, жұртқа белгілі сазгер. Ол шығарған әндер кезінде пластинкаларға шығып, республика көлеміне кеңінен тараған.

Маякең «Көңіл қаяу» зарын 1932 жылы шығарған. Оны ол кісі тек өзі сенетін адамдар арасында ғана орындаған. Әннің сөзін де, мәтінін де бізге жеткізген оның жиені Жамау Бодықұлы ақсақал еді.

Ән күні бүгін орындаушысын таппай отыр. Ол мәдениет жағын басқаратындардың ел мұрасына әлі селкеу қарауы демеске ләз жоқ.  
**Кәмел ЖҮНІСТЕГІ.**

## Көңіл қаяу

Шалғыны, үзеңгіні соғатұғын,  
Қалды ғой шалғы тимей есіл Күлік.

Жұртта жатып бар елдің болдық кемі,

Ақыл іс қонбайтұғын сөздің емі.

Сырлы там, қалыспаймын, Деней қызыл,

Бір шеті ұшқан құс жоқ Шетпай көні.

Дүние жаңа білдім жалғанына,

Жеткізген кімді тағдыр арманына.

Сыңсыған қалың елдің орынында,

Таң қалдым жалғыз бала қалғанына.

Ақындар сылағанға кеткен дән деп,

Қаймақ шай, бал қымызды ішкен сән деп.

Жылы көн Елемес пен қайран Қиян,

Жарықтық ессіз қалды есіл Сәмбет.

Шашылған дүние-мүлік

толып жатыр,

Жазамын қарындашты

қолыма алып,

Мұңымды таза тыңда сөзге наным.

Елімнің қасіретін тартып жүрмін,

Көңілді көтере алмай әнге салым.

Жазғалы қарындашты

қолыма алдым,

Қызығы болмады ғой жиган малдың.

Бір күндік азығың жоқ, үміт бұлдыр,

Не болды енді халың қайран халқым.

Жайлау жер ессіз қалды

қыстауымен,

Ақ доңғал, екі бесік, үш тауменен,

Белсенді атқа мінген болып шықты,

Қорқытты қара басты ұстауменен.

Дүние опасы жоқ бір күншілік,

Түсіп тұр қайран елге бүліншілік.

Маякең ортасында қонып жатыр.  
Қажының мешіті мен ағаш үйі,  
Жын ойнақ, қыз ойнағы  
болып жатыр.

Сұраймыз артып бер деп  
жалғыз хаққа.

Қалмайын имам бермей көңілі аққа.  
Адамның басы Алла добы деген,

Айдаған амал бар ма топыраққа.

Босыған жақынды іздеп  
бара алмадым,

Хат, қағаз тым болмаса  
сала алмадым.

Мақыш пен Дауылбайлар  
тірі ме екен,

Хабарының анығын ала алмадым.

Ағаның осы кезде көңілі қаяу,  
Тірі өлік әйтеуір жүр ұйқылы-ояу.

Туысқанды жер ошағы көмеді деп

Абадан Тағылыға келдім жаяу.

Бұл күнде кім бар бізден ұялатын,  
Шама жоқ қарсы тұрып кек алатын.

Скендір, Әбдікәрім қашқындардың,  
Көз көрді, құлақ естіп қиянатын.

Скендір, Әбдікәрім танығаным,  
Өлімге қиған түгел шыбын жаным.

Кек алар жауын шіркін танымаған,  
Торыған тірі қалған елдің маңын.

Құрбаны болып жүрміз  
надандықтың,

Ойланбас артын көрдік  
жамандықтың.

Бес адам келген сәтте салып бүлік,  
Алып қалды арбасын

Сағындықтың.

Дүние осыменен тұрады ма,  
Жеткізген кімді Құдай мұратына.

Дегенмен шіркін өмір болжаусыз ед,  
Әркімнің салып жүрмін құлағына.

Дүние бір күн онда, бір күн сонда,  
Үнемі тұрмайды екен түгел қолда.

Не жақсы, нелер ақын,  
не жалғыздың,

Қалды ғой ажал жетіп басы жолда.

Маясар елін жоқтап зарлады ғой,  
Жырлаудан тіл мен жағы

талмады ғой.

Түтіні тұман болған қайран елім,  
Бір үйден қыстау басы қалмады ғой.

Оң сөз бе, осы сөзім қарсылық па,  
Әркімдер мырза болад

баршылықта.

Ескі киім, дорбаның түрі болса,

Туғанға қараса жүр таршылықта.

1932-1933 жылдар.